

А. Ғ. Ахашов,

*азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты (ҚР ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі — табиғатты қорғау заңнамасын қолдану, экологиялық құқық бұзушылықтардың себебін анықтау мен оларды ескерту және жою бойынша шаралар әзірлеу аясындағы қызметтер.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заңнамалық негіздерін 2 топқа бөліп кәрсетуге болады:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы және жалпы маңызға ие табиғатты қорғау аясындағы нормативті құқықтық актілер;

2. Қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы шараларға Ішкі істер органдарының міндет-ті түрде қатысуын қамтамасыз ететін тікелей ұйғарымдарға ие құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасы Конституциясы және жалпы маңызға ие табиғатты қорғау аясындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, Ішкі істер органдарының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы қызметі халыққа қызмет етуге және жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамның, мемлекеттің, заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғауға, сонымен қатар елдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заңнамаларға сәйкес әрекет етуге арналған.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы шараларға Ішкі істер органдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ететін тікелей ұйғарымдарға ие құқықтық актілердің негізі болып 2014 жылы 23 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы табылады.

Аталған заң нормаларына сәйкес, ішкі істер органдарының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы міндеттерін келесідей жіктеп кәрсетуге болады:

- қоғамдық тәртіпті (соның ішінде экологиялық) сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті (соның ішінде экологиялық) тәтенше жағдайы ахуалында қамтамасыз ету;

- қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу (соның ішінде экологиялық), сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

- экологиялық істер бойынша заңнамада белгіленген әздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

- қажет болған жағдайларда мемлекеттік әртке қарсы қызмет органдарына әрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем кәрсету (орман, қорықтарда);

- мемлекеттік және өзге де табиғи объектілерді күзету;

- өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде тәтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресуде жәрдем кәрсету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру (браконьерлікке қатысты қару-жарақ мәселесі бойынша);

- Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді табиғи объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру; 142

- ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Ішкі істер органдарының экологиялық қызметтерінің бағыттарын әртүрлі критерийлер бойынша бөліп кәрсетуге болады — қорғау объектісі бойынша және жұмыс түрі бойынша.

Қорғалатын объектісі бойынша келесідей бөлінеді:

- дифференцирленген объектілерді қорғау бойынша:

1. Жерді пайдалану тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
2. Аң аулау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
3. Балық аулау мен балық қосалқы қорларын қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
4. Ормандарды қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
5. Суларды қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
6. Атмосфералық ауаны қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.

- Кешенді объектілерді қорғау бойынша:

1. Тұрғылықты мекендерде адамды қоршаған ортаны қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету.
3. Курорттық және рекреационды аймақтарды қорғау тәртібін сақтауды қамтамасыз ету^{2, 472}.

Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі бағытының екінші критерий бойынша бөліну негізіне жұмыс түрлері жатқызылады. Осыған байланысты үш бағытты бөліп кәрсетеді:

- 1) экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 2) бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;
- 3) табиғатты қорғау туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік шараларын қолдану.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу табиғатты пайдаланушылардың экологиялық дүниетанымдарының қалыптасуын туғызатын жағдайлар мен себептерді анықтаудағы құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша қызметті кәрсетеді.

Ішкі істер органдарымен қолданылатын, экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алудың әртүрлі формалары мен әдіс-тәсілдері бар. Оларға келесілерді жатқызуға болады: экологиялық құқық бұзушылықтар фактілері бойынша сәйкес органдарға ұсыныс енгізу; потенциалды экологиялық құқық бұзушыларды анықтау бойынша жұмыстар; тәрбиелік, үгіт-насихат жұмыстары (дәрістер оқу, табиғатты қорғау тақырыптарына әңгімелер жүргізу, радио, теледидар, баспа беттері арқылы сөйлеу); табиғатты қорғаумен байланысты территория-ларда бекеттер мен күзет орындарын қою, шолғындау.

Бақылаудың да, қадағалаудың да белгілері кәрініс табатын ішкі істер органдарының қызметі бақылау-қадағалау қызметінің түсінігін қамтиды. Бұл қызмет туралы нақты деректер жоғарыда аталып өтілді.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік шараларын қолдану — бұл ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқық бұзушыларға әрекет ету, санкция шараларын қолдануымен байланысты қызметтері. Кінәлі тұлғалар экологиялық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне тәуелді түрде тәртіптік, материалдық, әкімшілік, азаматтық — құқықтық және қылмыстық жауапкершіліктерге тартыла алады. Алайда ПО белсенді әрекет еткеніне қарамастан, заңды жауапкершіліктің барлық шаралары нақты ПО қызметкерлерімен қолданыла алмайды. Мысалы, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шаралары кәсіпорындар мен мекемелердің әкімшілігімен қолданылса, зиянның орнын толтыру сот арқылы жүргізіледі.

Тәжірибенің талдауы ПО-ның экологиялық қызметінде бірқатар кемшіліктер мен ретке келтірілуі тиісті мәселелер бар екенін кәрсетті, оларға:

- Ұйымдастырушылық бағыттағы;
- Арнайы мамандандырылған бөлімшелердің материалдық-техникалық жағынан аз жасақталуы;
- Табиғатты қорғау органдарымен өзара әрекеттесудің әлсіз болуы;
- Жемқорлықтың болуы.

ПО қызметкерлерінің техникалық қамтамасыздандырылмағаны. Заңсыз аң аулап, сататындардың қалтасы ақшаға толы болғандықтан, олар соңғы маркадағы авто-мото техникаларын қолданады, әрине, бұндай шығындарды мемлекет бюджеті кәтере алмайды. Тағы бір айта

кететін жағдай, әлсіз ведомстволық бақылау, қылмыстық аң аулау бизнесінің жоғары табыс-
143

¹ Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ Заңы. // <http://online.zakon.kz>

² Бекишева С. Д. Экологическое право Республики Казахстан: Учеб. пос. — Караганда, 2009.

тылығы жағдайында ұйымдасқан топтардың қылмыстық схемасына кәбінесе браконьерлерге көмек көрсетуші әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің араласуы қалыптасқан жағдайды қазіргі таңда ушықтыра түседі. Шекаралық қызмет Каспий теңізінің 12 мильдік шекара аймағына басқа мемлекеттік қызметтерді жібермейді. Бұл ерекшелік оларға теңіздің кең аймағын толықтай бақылауға мүмкіндік бермейді, осыған байланысты заңсыз балық аулауға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ПО қызметін жетілдіру бойынша шаралар:

- экологиялық құқық бұзушылықтармен күресу үшін ПО-ның бәлімдерін материалдық-техникалық жасақтау;
- ПО мен табиғатты қорғау органдары арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту;
- Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесінде экологиялық полиция бәлімін құру мәселесін қарастыру қажет;
- Қазақстан Республикасы ПО туралы заңында ПО-ның экологиялық функциясын нақты-лап, экологиялық міндеттері мен құқықтарды кеңейту қажет.